

«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» кәсіби стандарты:
- өзінің кәсіптік қызметін таңдауды жүзеге асыратын түлектерге;
 - одан әрі кәсіптік даму бағдары ретінде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне;
 - білім беру бағдарламаларын жетілдіруге арналған бағдар ретінде медициналық білім беру саласының қызметкерлеріне;
 - денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлық қызметтеріне;
 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы қызметінің, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі денсаулық сақтау ұйымдарының адами ресурстарды басқаруын жетілдіруге;
 - жекелеген ұйымдардағы сияқты жалпы салада ұтымды кадрлық саясатты жүзеге асыруға және адами ресурстарды дамытуды жоспарлауға арналған.
2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен ұғымдар қолданылады:
- біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;
- біліктілік деңгейі – қиындық параметрлері, еңбек іс-қимылының стандартты еместігімен, жауапкершілікпен және дербестікпен сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзырет деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;
- ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаты;
- ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандықтар біліктілігіне қойылатын сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалдық реттеу тетіктерінің жиынтығы;
- салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаты;
- кәсіби топ – жалпы ықпалдастырылған негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралы) және оларды орындауға арналған еңбек функциялары мен құзыретінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіптік кіші топтар жиынтығы;
- кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынымен қалыптастырылған және өздерінің құзыретін орындауға қажетті кәсіптердің жиынтығы;
- кәсіби стандарт (КС) – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім беру туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілік бір білімді, білікті және практикалық дағдыны талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған іс-қимылдардың өзара байланысының жинағы;
- білім – еңбек функцияларын орындау кезінде белгілі бір міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тексерілген ақпарат жиынтығын игеру;

аурулардың халықаралық жіктемесі 10-қайта қарау (АХЖ-10) – бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарына мүше елдердегі халықтың денсаулығын зерделеу кезіндегі 10-қайта қараудың негізгі нормативтік құжаты болып табылатын медициналық ғылымды дамытудың заманауи кезеңін бейнелейтін аурулар мен патологиялық жағдайлар тобының жүйесі;

дағды – бірнеше қайтара қайталау жолымен автоматтандыруға дейін жеткізілген іс-қимыл;

нормативтік құқықтық акт – референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат, сондай-ақ жазбаша ресми құжатпен бірдей және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжат;

іскерлік – алынған білімнің жиынтығымен қамтамасыз етілетін және жаттығулар арқылы қалыптастырылған іс-қимылдарды орындаудың игерілген тәсілі;

бейінді маман – белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар жоғары медициналық білімді медицина қызметкері;

денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік салауаттылық жағдайы;

денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

инновациялық медициналық технологиялар - медицина (биомедицина) саласына, фармацевтикаға және денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыруға енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік мәні бар болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің әдістері мен құралдарының жиынтығы;

медицина қызметкерлері – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

медициналық көмек – халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсетудің дәрілік көмекті қамтитын жиынтығы;

медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің уәкілетті орган бекіткен және медициналық ғылым мен технологияның қазіргі заманғы даму деңгейі негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік деңгейі;

денсаулық сақтау саласындағы медициналық сараптама (денсаулық сақтау саласындағы сараптама) - денсаулық сақтау қызметінің әртүрлі аяларындағы құралдардың, әдістердің, технологиялардың, көрсетілетін қызметтердің деңгейі мен сапасын анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;

денсаулық сақтау саласындағы стандарт (стандарт) - медициналық, фармацевтикалық қызмет, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

медициналық қызмет – жоғары немесе орта кәсіптік медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі;

медициналық көрсетілетін қызметтер - денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу немесе оңалту бағыты бар іс-қимылы;

медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

пациент – медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке тұлға;

диагностика – аурудың болуы немесе болмауы фактісін белгілеуге бағытталған медициналық қызметтердің жиынтығы;

динамикалық байқау - халық денсаулығының жай-күйін жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

донор – донорлық қан, оның компоненттері, өзге де донорлық материал (оның ішінде шәует, жыныс жасушалары, аналық жасуша) алу жүргізілетін, сондай-ақ реципиентке транспланттау үшін тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) алу жүргізілетін адам, адамның мәйігі, жануар;

емдеу - ауруды жоюға, оның бетін қайтаруға және (немесе) барысын жеңілдетуге, сондай-ақ оның асқынуының алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

консилиум - кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

инвазиялық әдістер - адам организмнің ішкі ортасына ену жолымен жүзеге асырылатын диагностикалау мен емдеу әдістері;

клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеу - адамның денсаулығына ерекше әсер етуін және (немесе) қауіпсіздігін зерделеу мақсатында сыналатын затты немесе физикалық әсерді, аурулар профилактикасының, оларды диагностикалау мен емдеудің құралдарын, әдістері мен технологияларын зерделеу жөніндегі химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық, токсикологиялық және басқа да эксперименттік ғылыми зерттеулер немесе зерттеулер сериясы;

клиникалық зерттеу - субъект ретінде адамды қатыстыра отырып, аурулардың профилактикасы, оларды диагностикалау мен емдеу құралдарының, әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін зерттеу;

профилактика - аурулардың пайда болуының, олардың ерте сатыда өршуінің алдын алуға және орын алған асқынуларды, ағзалар мен тіндердің бүлінулерін бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

медициналық оңалту - науқастар мен мүгедектер организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

реципиент - донорлық қан немесе одан бөлінген компоненттер және (немесе) препараттар құйылатын, еркектің немесе әйелдің донорлық материалы (шәует немесе аналық жасуша) енгізілетін не донордан алынған тіндерді және (немесе) ағзаны (ағзаның бөліктерін) транспланттау жасалатын пациент;

тәуелсіз сарапшы - денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке тұлға;

Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БА–Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

АХЖ-10 –Аурулардың халықаралық жіктемесі 10-қайта қарау;

НҚА–Нормативтік құқықтық акт;

ЖОО–Жоғары оқу орны;

БАҚ–Бұқаралық ақпарат құралы

ТЖ – Төтенше жағдайлар;

РЗ – Радиоактивті заттар;

СӨУЗ– күшті әсер ететін улы заттар;

2. Кәсіби стандарт паспорты

3. Кәсіби стандарттың атауы: Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы.

4. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» кәсіптік кіші тобын қызметкерлерінің біліміне, іскерлігін, дағдыларына

және құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларының, оларды іске асыру бойынша міндеттердің жүйелі және құрылымдық сипаты.

5. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: инфекциялық аурулары бар пациенттерді диагностикалау, емдеу, профилактикалау және оңалту; инфекциялық аурулары бар пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі мен сапасын сараптау; мамандарды даярлау және инфекциялық аурулар саласындағы зерттеулер. Мамандар біліктілігі деңгейінің өсуімен әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейдің функцияларының орындалуын және оларды жаңа құзыреттерге сәйкес кеңейтуді көздейді.

6. Негізгі топ: дәрігерлік қызмет.

Кәсіби топ: дәрігерлер.

3.Кәсіптер карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы дәрігері – СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 7.1.В, 7.2.В, 7.3.В, 7.4.В;

«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер – СБШ бойынша біліктілік деңгейі –7.3.В, 7.4.В, 8;

«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша оқытушы – СБШ бойынша деңгейі – 7.2.В, 7.3.В, 7.3.В, 7.4.В, 8;

«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша ғылыми қызметкер – СБШ бойынша біліктілік деңгейі –7.2.В, 7.3.В, 7.4.В, 8.

Кәсіптер карточкалары осы Кәсіби стандартқа қосымшада келтірілген.

| «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері» кәсіби карточкасы | |
|---|---|
| Код | 2221 |
| Кәсібі | Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.1.В. |
| БА бойынша біліктілік деңгейі. | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылға дейін аяқтаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Емдеу ісі» немесе «Педиатрия» мамандығы бойынша жоғары медициналық білім. 2. Клиникалық мамандықтар бойынша интернатура. 3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту. <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылдан кейін аяқтаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Жалпы медицина» арнайы жоғары білім. 2. Клиникалық мамандықтар бойынша мамандықтар бойынша интернатура. 3. Клиникалық мамандықтар бойынша резидентура. <p>Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» қайта даярлықтан өту.</p> <p>Мамандық бойынша тәжірибе талап етілмейді.</p> |
| Еңбек функциялары | <ol style="list-style-type: none"> 1) Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерге (зардап шеккендер немесе ауырып қалғандар жаппай анықталған жағдайда) білікті медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету. 2) Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерді медициналық ұйымның тиісті бөлімшесіне емдеуге жатқызуды ұйымдастыру. 3) Төтенше жағдайлар немесе апаттар салдарынан пайда болған патологиялық жағдай туралы зардап шеккен адамды немесе оның өкілдерін хабардар ету. |
| 1 еңбек функциясы | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зардап шеккендерге білікті медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыра білу дағдылары. 2. Алғашқы қарап-тексеруді жүргізе білу дағдылары. 3. Зардап шеккендерге негізделген диагностикалық зерттеулерді тағайындай білу іскерлігі. 4. Зардап шеккендердің диагностикалық зерттеулерінің нәтижелерін дұрыс түсіндіре білу іскерлігі. 5. АХЖ 10 сәйкес диагнозды дұрыс қоя білу дағдылары. 6. Патологиялық процесті анықталған жағдайда ағзаның немесе жүйенің функционалдық жетіспеушілігінің деңгейін бағалай білу дағдылары. 7. Асқынуларды уақтылы анықтай білу дағдылары. 8. Зардап шеккенге амбулаториялық ем тағайындау дағдылары. 9. Науқастарды диспансерлеу дағдылары. 10. Зардап шеккенді емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдерді айқындай білу. |
| Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерге (зардап шеккендер немесе ауырып қалғандар жаппай анықталған жағдайда) білікті медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету. | |

| | |
|--|--|
| | <p>11. Зардап шеккенді емдеуге жатқызу үшін құжаттамаларды ресімдеу дағдылары.</p> <p>12. Зардап шеккендер үшін дәрілік заттардың жылдық қажеттілік көлемін қалыптастыра білу дағдылары.</p> <p>13. Пациенттерде күрделі, диагностикаланған анық емес, сирек кездесетін патологиялық жай-күйлерін анықтау жағдайлары туралы мүдделі тараптарды уақтылы хабардар ете білу іскерлігі.</p> <p>14. Уақыттың тығыздығына қарай бір уақытта зардап шеккендердің көп санын бір уақытта зерттеп-қарай білу және медициналық көмек көрсете білу дағдылары.</p> <p>15. Патологияның белгіленген және ықтимал белгілерінің үйлесімі негізінде зақымдануын диагностикалау білу дағдылары.</p> <p>16. Зерттеп-қараудың ең төмен аспаптық-зертханалық әдістерін пайдалана отырып, зардап шеккендерге медициналық сұрыптау жүргізе білу дағдылары.</p> <p>17. Өміршеңдік көрсеткіштер бойынша, соның ішінде тасымалдау бойынша кезек күттірмейтін іс-шараларды жүзеге асыра білу іскерлігі.</p> <p>18. Жарақаттар;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қан кетулер; - жараланулар; - ұзақ уақытты жаншылу синдромы; - тыныс алуының бұзылуы (асфиксия); - улану; - термикалық зақымданулар мен электрлік жарақаттар; - жігі инфекциялық уланулар кезінде медициналық көмек көрсете білу дағдылары. <p>19. Сыртқы ортаның қолайсыз факторларынан зардап шеккендерді эвакуациялау, тамақтандыру және қорғау мәселелерін шұғыл шеше білу (РЗ, СӘУЗ, ӘҚ және т.б. ластану).</p> <p>20. Жалпы, медициналық, радиациялық, химиялық, эпидемиологиялық жағдайды бағалай білу іскерлігі және осындай бағалау үшін қажет құралдармен, құрылғылармен және есептерді пайдалану.</p> |
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. НҚА, әдістемелік ұсынымдар және әдістемелік нұсқаулар, клиникалық хаттамалар, (клиникалық нұсқаулықтар). 2. Науқас туралы мәліметті жинау бірізділігі мен көлемі. 3. Науқастың психологиясы. 4. Медициналық этики мен деонтология ерекшеліктері. 5. Қалыпты, топографиялық және патологиялық анатомия, қалыпты және патологиялық физиология, биохимия. 6. Ішкі аурулардың пропедевтикасы. 7. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккендерді зерттеп-қарау әдістемесі. 8. Негізгі клиникалық симптомдары мен синдромдары. 9. Өмірге қауіпті жағдайлар: <ul style="list-style-type: none"> - жарақаттар; - қан кетулер; - жараланулар; |

| | |
|---|---|
| | <ul style="list-style-type: none"> - ұзақ уақытты жаншылу синдромы; - тыныс алуының бұзылуы (асфиксия); - улану; - термикалық зақымданулар мен электрлік жарақаттар; - жіті инфекциялық аурулар кезіндегі этиология, патогенез, жіктеуіштер, клиникалық белгілері, диагностикасы мен емдеу. <p>10. Жүкті әйелдер мен босанған әйелдерге медициналық көмек көрсету қағидаттары.</p> <p>11. Эпидемиология негіздері.</p> <p>12. Дезинфекция, дезинсекция, дератизация.</p> <p>13. Радиациялық ластану кезінде алғашқы көмек көрсете білу қағидаттары.</p> <p>14. Күшті әсер ететін улы заттармен ластану кезінде алғашқы көмек көрсету қағидаттары.</p> <p>15. Емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде орындау қажет ұйымдастырушылық және медициналық іс-шаралардың тізбесі.</p> |
| <p>2 еңбек функциясы</p> <p>Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерді медициналық ұйымның тиісті бөлімшесіне емдеуге жатқызуды ұйымдастыру.</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <p>1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккендерді күндізгі стационарға шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары.</p> <p>2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккендерді тәулік бойғы стационарға шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары.</p> <p>3. Зардап шеккендерге білікті медициналық көмек көрсете білу дағдылары.</p> <p>4. Стационардың бейінді бөлімшесіне шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдерді бағалай білу дағдылары.</p> <p>5. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде пациенттерді стационардың реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдерді бағалай білу дағдылары.</p> |
| | <p>Білімі:</p> <p>1. НҚА, әдістемелік ұсынымдар және әдістемелік нұсқаулар, клиникалық хаттамалар, (клиникалық нұсқаулықтар).</p> <p>2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккендерді күндізгі стационарға шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары.</p> <p>3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккендерді тәулік бойғы стационарға шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары.</p> <p>4. Шұғыл медициналық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар.</p> <p>5. Алғашқы медициналық көмекті көрсету қағидасы.</p> <p>6. Шұғыл білікті медициналық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар.</p> <p>7. Кезек күттірмейтін білікті көмек көрсету қағидалары.</p> <p>8. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде шұғыл мамандандырылған медициналық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар.</p> <p>9. Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>шеңберінде кезек күттірмейтін мамандандырылған медициналық көмекті көрсету қағидалары.</p> <p>10. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде зардап шеккенді стационардың реанимация және қарқынды терапиясына шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдер.</p> |
| <p>3 еңбек функциясы</p> <p>Төтенше жағдайлар немесе апаттар салдарынан пайда болған патологиялық жағдай туралы зардап шеккен адамды немесе оның өкілдерін хабардар ету.</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зардап шеккенді немесе оның заңды өкілін патологиялық жағдайлардың мүмкін болатын альтернативті дамуы бойынша консультация беру дағдылары. 2. Зардап шеккенді немесе оның заңды өкілін профилактика, зерттеп-қарау, емдеу әдістері мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігі туралы хабардар ете білу дағдылары. 3. Инвазивті және емдік-диагностикалық емшарады жүргізуге хабардар етілген келісім алу дағдылары. 4. Зардап шеккенді немесе оның заңды өкілін оларды сақтау патологиялық жай-күйдің табысты диагностикасы және емдеу үшін қажет қағидаларға оқыту дағдылары. 5. Науқастардың клиникалық-зертханалық көрсетілімдерін динамикалық бақылау және емдеу іс-шараларын жедел түзету дағдылары. 6. Дәрігерлік этика және пациенттердің құқықтарының талаптарына сәйкес келетін ақпаратты БАҚ-та және интернет ресурстарда бере білу іскерлігі. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиімді қарым қатынас қағидалары. 2. Медициналық этика, деонтология және субординация қағидалары. 3. Нозологиялар және диагностика мен емдеу әдістеріне байланысты пациенттерге мамандандырылған ұсынымдар. 4. Денсаулық сақтау саласындағы НҚА (пациенттің және оның заңды өкілінің құқықтарына қатысты) 5. Бұқаралық ақпарат құралы саласында негізгі НҚА. |
| <p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Этика, деонтология және субординация қағидаларын сақтау дағдылары. 2. Денсаулық сақтау ұйымдарының санитариялық-эпидемиологиялық режимінің нормаларын және қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігі нормаларын сақтау дағдылары. 3. Құжаттамалауды (соның ішінде электронды), медициналық көрсетілетін қызметтер процестерін жүзеге асыра білу. 4. Ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзінің қызметін үздіксіз жетілдіру дағдылары. |
| «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері» кәсіби карточкасы | |
| Код | 2221 |
| Кәсібі | Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.2.В |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім | Соңғы бес жылда «Төтенше жағдайлар және апаттар |

| | |
|---|--|
| деңгейі | <p>медицинасы» мамандығы бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру.</p> <p>Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту.</p> <p>Мамандық бойынша кемінде 7.1.В деңгейінде кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде екі жыл үздіксіз.</p> |
| Еңбек функциялары | <p>1) Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерге (зардап шеккендер немесе ауырып қалғандар жаппай анықталған жағдайда) мамандандырылған медициналық көмек көрсету.</p> <p>2) Адамдардың көп жиналуымен байланысты қоғамдық-саяси, спорт және басқа да іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және медициналық қамтамасыз ету.</p> |
| <p>1 еңбек функциясы</p> <p>Төтенше жағдайлар немесе апаттар кезінде зардап шеккендерге (зардап шеккендер немесе ауырып қалғандар жаппай анықталған жағдайда) мамандандырылған медициналық көмек көрсету.</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету дағдылары. 2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде дәрігерге дейінгі көмек және мейіргер ісі мамандарына консультация бере білу дағдылары. 3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде алгоритмдері бойынша МСАК дәрігерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу дағдылары. 4. Дәрігерлік консилиумдарда, клиникалық конференцияларда ұсынылып отырған тактиканы таныстыра білу дағдылары. 5. Жариялымдарды ресімдеу дағдылары. 6. Ақпаратпен алмасу кәсіби алаңдарда өзінің бақылау материалдарын баяндай білу дағдылары. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиімді қарым қатынас қағидалары. 2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде стандарттар, НҚА және басқа регламенттейтін құжаттар. 3. Медициналық этика, деонтология және субординация қағидалары. 4. Соңғы бес жылда төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігерлер қауымдасытығымен танылған заманауи зерттеулердің негізгі әдіснамасы. 5. Авторлық құқықтар саласындағы НҚА. |
| <p>2 еңбек функциясы</p> <p>Адамдардың көп жиналуымен байланысты қоғамдық-саяси, спорт және басқа да іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және медициналық қамтамасыз ету.</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы санитариялық-гигиеналық іс-шараларды өткізу жөніндегі нұсқаулықты жүргізу дағдылары. 2. Адамдардың көп жиналуымен байланысты қоғамдық-саяси, спорт және басқа да іс-шараларды өткізуді (іс-шаралар өткізілетін орындарда кезекшілік) медициналық қамтамасыз ете білу дағдылары. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберіндегі стандарттар, НҚА және басқа регламенттейтін құжаттар. 2. Адамдардың көп жиналуымен байланысты қоғамдық-саяси, спорт және басқа да іс-шараларды өткізуді медициналық қамтамасыз ету қағидалары. |

| «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері» кәсіби карточкасы | |
|--|--|
| Код | 2221 |
| Кәсібі | Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.3.В |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | Соңғы бес жылда «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту. Мамандық бойынша кемінде үш жыл 7.2.В деңгейінде жұмыс тәжірибесінің ішінде кемінде екі жыл үздіксіз. |
| Еңбек функциялары | 1) Авариялық-құтқару жұмыстарын медициналық қамтамасыз ету. 2) Медициналық мекемелердің дайындықта болуын және ТЖ жағдайында жұмысқа қалыптастыруды ұйымдастыру және бақылау. |
| 1 еңбек функциясы Авариялық-құтқару жұмыстарын медициналық қамтамасыз ету. | Іскерлігі мен дағдылары: 1. Өрт сөндіру кезінде медициналық қамтамасыз ету дағдылары. 2. Миналардан тазарту жұмыстарын медициналық қамтамасыз ету дағдылары. 3. Дәрігерлік консилиумдардың ұйымдастыра білу дағдылары. 4. Радиациялық, химиялық, биологиялық қауіпті жою бойынша жұмыстарды медициналық қамтамасыз ету дағдылары. 5. Құтқарушылар азаматтық сектордағы халық үшін қауіптермен байланысты авариялық құтқару жұмыстарының кез келген басқа да түрлерін медициналық қамтамасыз ету дағдылары. 6. Медициналық қамтамасыз етуді өткізу жұмыстарының кез келген түрлерінің орындарында кезекшілік ете білу дағдылары. Білімі: 1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде медициналық көмекті көрсету негіздері мен қағидағтары. 2. Кеңесті топтар мен дәрігерлік консилиумдарды ұйымдастыруды регламенттейтін стандарттар, НҚА және басқа да құжаттар. 3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде патологиялық жағдайлардың диагностикасына қатысты заманауи зерттеулердің негізгі нәтижелері. |
| 2 еңбек функциясы Медициналық мекемелердің дайындықта болуын және ТЖ жағдайында | Іскерлігі мен дағдылары: 1. Әртүрлі ТЖ кезінде емдеу-эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыра білу дағдылары. 2. Әртүрлі ТЖ кезінде санитариялық-гигиеналық іс-шараларды ұйымдастыру дағдылары. 3. Әртүрлі ТЖ кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ медициналық қамтамасыз ету |

| | |
|---|---|
| жұмысқа қалыптастыруды ұйымдастыру және бақылау. | дағдылары. Білімі: 1. Қалыптастыру жұмыстарының міндеттері, ұйымдастыру және оның жағдайлары және апаттар медицинасы қызметі мекемелерінің тұрақты дайындығы. 2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберіндегі стандарттар, НҚА және басқа регламенттейтін құжаттар. |
| «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері» кәсіби карточкасы | |
| Код | 2221 |
| Кәсібі | Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігері |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.4.В |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | Соңғы бес жылда «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандықтары бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту. Мамандық бойынша кемінде 7.3.В деңгейінде кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде екі жыл үздіксіз. |
| Еңбек функциялары | 1) Азаматтық қорғаныс жоспарын және ТЖ медициналық салдарларын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және түзету. 2) «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде медициналық көмекті жетілдіруді ұйымдастыру. |
| 1 еңбек функциясы Азаматтық қорғаныс жоспарын және ТЖ медициналық салдарларын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және түзету. | Іскерлігі мен дағдылары: 1. Азаматтық қорғаныс жоспарын және ТЖ медициналық салдарларын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу дағдылары. 2. Азаматтық қорғаныс жоспарын және ТЖ медициналық салдарларын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу дағдылары. Білімі: 1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберіндегі стандарттар, НҚА және басқа регламенттейтін құжаттар. 2. Соңғы бес жылда төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының дәрігерлер қауымдасытығымен танылған заманауи зерттеулердің негізгі нәтижелері. |
| 2 еңбек функциясы «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде медициналық көмекті жетілдіруді ұйымдастыру | Іскерлігі мен дағдылары: 1. Жылдық есептілік бойынша ақпаратты толтыру және жинақтау сапасын бақылау дағдылары. 2. Пациенттің қозғалыс бағдарын үйлестіру медициналық көмек көрсету кезінде сабақтастықты қамтамасыз ете білу дағдылары. 3. Апаттар және ТЖ жағдайында медициналық көмек көрсететін құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру дағдылары. 4. Пациенттердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде жоспарлы және шұғыл сипаттағы шараларды қабылдай білу іскерлігі. |

| | | |
|---|--|---|
| | <p>5.Өңірлер бойынша қажеттілікті жоспарлай білу және болжау, жинақтай білу, шығыс материалдарын, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және дәрілік заттарды бақылауды ұйымдастыра білу іскерлігі.</p> <p>6. Есеп нысандары бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға есептілікті уақтылы ұсыну дағдылары.</p> <p>7. Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасының ең білікті дәрігерлерінің қызметтеріне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық дағдылары, оларға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету.</p> <p>8. Зерттеу мен емдеудің арнайы әдістерін қолдануды талап ететін тұлғаларды қалалық, облыстық және республикалық маңызы бар бейінді бөлімшелерге жіберудің даулы мәселелері бойынша шешім қабылдай білу іскерлігі.</p> | |
| <p>СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы</p> | <p>2221</p> <p>2310</p> <p>2224</p> <p>2223</p> <p>2223</p> | <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер.</p> <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандығы бойынша оқытушы.</p> <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша ғылыми қызметкер.</p> <p>Бейінді медициналық ұйымдарда бейінді бөлімшенің/ кабинеттің меңгерушісі.</p> <p>Апаттар медицинасы және ТЖ Бас штаттан тыс дәрігері (қала/аудан; облыс, республика).</p> |
| <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер</p> | | |
| <p>Код</p> | <p>2221</p> | |
| <p>Кәсібі</p> | <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер</p> | |
| <p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі</p> | <p>7.3.В</p> | |
| <p>БА бойынша біліктілік деңгейі.</p> | <p>-</p> | |
| <p>Кәсіптік білім деңгейі</p> | <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылға дейін аяқтаған кезде:</p> <p>1. «Емдеу ісі» немесе «Педиатрия» мамандығы бойынша жоғары медициналық білім.</p> <p>2. Клиникалық мамандықтар бойынша интернатура.</p> <p>3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту.</p> <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылдан кейін аяқтаған кезде:</p> | |

| | |
|--|---|
| | <p>1.«Жалпы медицина» арнайы жоғары білім. 2.Клиникалық мамандықтар бойынша мамандықтар бойынша интернатура. 3. Клиникалық мамандықтар бойынша резидентура. 4.«Тәуелсіз сараптама» циклы бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Соңғы бес жылда «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандықтары бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» қайта даярлықтан өту. Мамандық бойынша кемінде 7.2.В деңгейінде кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде екі жыл үздіксіз.</p> |
| Еңбек функциялары | <p>1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған қызметтердің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу.</p> |
| <p>1 еңбек функциясы</p> <p>«Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған қызметтердің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу.</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <p>1. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы шеңберінде жүзеге асырылатын мамандандырылған медициналық қызметтердің көлемдерін бақылау дағдылары. 2. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша медициналық көмек шеңберінде жүзеге асырылатын мамандандырылған медициналық қызметтердің көлемдерін бақылау дағдылары. 3. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмектің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу дағдылары. 4. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсету сапасы және медициналық құжаттаманы жүргізу мәселелері бойынша ішкі істер органдары, прокуратура және сот қызметкерлеріне консультативтік көмек беру дағдылары. 5. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмектің медициналық қызметтерін жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің есепке алу және есептілік құжаттамасына талдау жасай білу іскерлігі. 6. «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмектің медициналық қызметтері сапасының саласында туындайтын жүйелі проблемалар туралы ұйым басшылығын уақтылы хабардар ету және олардан туындайтын қауіп факторларын анықтай білу іскерлігі.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Халық денсаулығын қорғау саласында қоғамдық қатынастарды реттейтін денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы, медициналық қызметтердің көлемдері мен сапасын сараптау. 2. Халық денсаулығының көрсеткіштері. 3. Халықтың сырқаттанушылығы, зерделеу, талдау әдістері. 4. Медициналық статистика. 5. Денсаулық сақтау саласындағы лицензиялау, аттестаттау</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>және сертификаттау.</p> <p>6. Денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың түрлері.</p> <p>7. Медициналық қызметтердің сапасын сараптамалық бағалау және мемлекеттік бақылау.</p> <p>8. Медициналық қызметтердің сапасын сараптамалық бағалау және ішкі аудит қызметі.</p> <p>9. Денсаулық сақтаудағы стандарттау.</p> <p>10. Медициналық ұйымдарды аккредиттеу.</p> <p>11. Аккредиттеу стандарттары.</p> <p>12. Дәлелді медицина.</p> <p>13. Медициналық қателіктер.</p> <p>14. Сараптама мәселелері бойынша басқа орғадармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл.</p> <p>15. Медициналық көмек сапасына (әдістер, технологиялар, талдау, бағалау, мониторинг) сараптама жүргізу әдістемесі.</p> <p>16. Осы бағдарламалық кешендер негізінде денсаулық сақтау ұйымдары жұмысының сапасын сараптамалық бағалау.</p> <p>17. Тәуелсіз сарапшының жұмысын ақпаратпен қамтамасыз ету.</p> |
| Жеке құзыретіне қойылатын талаптар | <p>1. Объективті бағалау дағдылары.</p> <p>2. Тәуелсіз жұмыс істей білу дағдылары.</p> <p>3. Шығармашылық әлеуетін дамытуды материалдық емес ынталандыру дағдылары.</p> <p>4. Жүйелі проблемалар мен ақауларды анықтай білу іскерлігі.</p> <p>5. Болжам жасай білу іскерлігі.</p> |
| «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер | |
| Код | 2221 |
| Кәсібі | «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.4.В. |
| БА бойынша біліктілік деңгейі. | - |
